


«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ
Директорлар кеңесі отырысы күн тәртібінің
2021 жылғы 8 сәуірдегі № 20 мәселесі бойынша
шешімге, № 5/2021 хаттама
№1 қосымша

**«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің
сабақтастығын қамтамасыз ету саясаты**

Нұр-Сұлтан қ., 2021 жыл.

 ҚазМұнайГаз <small>НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ «КАЗМУНАЙГАЗ»</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	
Құжаттың атауы	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығын қамтамасыз ету саясаты	
Құжаттың түрі: Саясат	Код: КМГ-PR-_____	8 беттің 2-беті
Әзірлеген: _____ Р.Б. Бекназарова 2021 жылғы «____» _____	Тексерген: _____ Д.У. Шәріпов 2021 жылғы «____» _____	Директорлар кеңесінің 2021 жылғы «____» _____ шешімімен, № _____ хаттама бекітілген.

1. Жалпы ережелер

1.1. ДК ұйымды басқаруға жауапты болғандықтан, ДК мүшелерінің ағымдағы қызмет үшін де, болашақ өзгерістер үшін де қажетті дағдыларға, білімге және мінез-құлыққа ие болғаны өте маңызды. ДК ұйымды басқаруға қажетті дағдылар, білім мен тәжірибе нарықтық өзгерістермен, талаптармен, мүмкіндіктермен және қиындықтармен бірге өзгеретінін түсінеді.

1.2. Саясаттың мақсаты білімнің, дағдылардың, тәжірибе мен мінез-құлықтың тиісті жиынтығы арқасында объективті және тәуелсіз пайымдаулар шығаруға және ҚМГ мен оның стейкхолдерлерінің мүдделеріне сай келетін салмақты шешімдер қабылдауға қабілетті ДК-нің кәсіби және тиімді құрамын қалыптастыруға, сақтауға және дамытуға кепілдік беретін негізгі қағидаттар мен рәсімдерді айқындау болып табылады.

1.3. Саясат ДК мүшелерінің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін ғана әзірленген және ҚМГ басқа органдарының сабақтастығын реттемейді.

1.4. ДК мүшелерінің сабақтастығын қамтамасыз етуге қатысты барлық мәселелерді Комитет алдын ала қарауы тиіс, оның негізгі міндеттерінің бірі Комитет туралы ережеге сәйкес ДК сабақтастығын жоспарлау және ДК қызметін тұрақты және объективті бағалауды қамтамасыз ету болып табылады.

1.5. Саясат келесі процестерді регламенттейді:

- 1) кадрлық қажеттіліктерді анықтау және ДК сабақтастығын жоспарлау;
- 2) ДК-ге сайлау үшін кандидаттарды ұсынудың ашық жүйесін әзірлеу және енгізу;
- 3) ДК мүшелігіне кандидаттарды бағалау;
- 4) сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ-нің ДК-ге кандидаттарды ұсыну мәселелері бойынша акционерлермен өзара іс-қимылы;
- 5) жаңадан сайланған ДК мүшелері үшін лауазымға енгізу және кәсіби дамыту бағдарламаларын ұйымдастыру арқылы ДК қызметінің тиімділігіне жәрдемдесу.

1.6. Осы Саясат ҚР заңнамасына, ҚМГ Жарғысына, КБК-ге және ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

2. Анықтамалар мен қысқартулар

Саясаттың мәтінінде бас әріппен пайдаланылған барлық терминдер мен анықтамалар осы бөлімде көзделген мәндерге ие. Осы Саясаттың мақсаттары үшін мынадай анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

ҚР	– Қазақстан Республикасы
Акционер	– «Самұрық-Қазына» АҚ - ҚМГ акцияларын сенімгерлік басқаруға беру туралы тиісті шартқа сәйкес ҚМГ барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін акционер;
ҚМГ	– «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ;
КБК	– «Самұрық-Қазына» АҚ 2015 жылғы 27 мамырдағы № 22/15 шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басқару кодексі;
Комитет	– Тағайындаулар және сыйақылар комитеті
КХ	– Корпоративтік хатшы - ДК тағайындаған және ДК есеп беретін, ДК не ҚМГ Басқармасының мүшесі болып табылмайтын ҚМГ қызметкері. ҚМГ Корпоративтік хатшысының құзыреті және қызметі Корпоративтік хатшы туралы ережеде айқындалады;
ДК	– ҚМГ директорлар кеңесі;
Тәуелсіз директор	– өз ұстанымын қалыптастыру үшін жеткілікті кәсібилікке, тәжірибеге және дербестікке ие және атқарушы органдардың, Акционердің (акционерлердің) немесе өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан тәуелсіз, сондай-ақ ҚМГ-мен, Акционерімен (акционерлерімен) немесе бәсекелестерімен байланысты емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін объективті және адал пайымдаулар шығаруға қабілетті тұлға.
Саясат	– «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығын қамтамасыз етудің осы саясаты
Жарғы	– «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Жарғысы.

3. Сабақтастықты қамтамасыз ету қағидаттары

3.1. ДК мүшелерінің сабақтастығы деп оның қызметінің КБК-ге, ҚМГ даму стратегиясына сәйкестігін қамтамасыз ететін ДК жұмысының үздік практикаларын сақтауға және жетілдіруге кепілдік беретін оның құрамын

қалыптастыру және дамыту процесі, сондай-ақ ДК мүшелеріне өз өкілеттіктерін тиімді іске асыру үшін қажетті дағдыларды, тәжірибені, мінез-құлық пен біліктілікті қалыптастыру, сақтау және жетілдіру түсініледі.

3.2. ДК қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету, ДК теңдестірілген құрамын, оның құзыреттерінің тиісті деңгейін сақтау және сабақтастықтың жалпы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ ДК мүшелерін уақтылы дәйекті ауыстыруды, бірақ бір мезгілде ДК құрамының 1/3-інен аспайтын практиканы тиісті практика деп санайды.

3.3. ДК мүшелері сабақтастығының негізгі қағидаттары:

3.3.1. Теңгерімділік қағидаты:

ДК жиынтығында ДК-ге жүктелетін міндеттерді іске асыру үшін жеткілікті, оның ішінде мыналар:

- 1) ҚМГ стратегиялық басқару;
- 2) ҚМГ-де тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, корпоративтік басқару жүйелерін ұйымдастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін айқындау;
- 3) Жарғыға сәйкес ДК құзыретіне сай атқарушы органның қызметін бақылау;
- 4) ҚМГ қызметін жалпы басқару бойынша өзге де функцияларды іске асыру бойынша білімі, дағдылары мен тәжірибесі бар адамдардан тұруы тиіс.

ҚМГ қызметінің негізгі мәселелері бойынша жан-жақты бағалауды жүзеге асыру үшін ДК мүшелері әртүрлі кәсіби салаларда құзыреттіліктің жоғары дәрежесіне ие болуы, сондай-ақ мұнай-газ саласы мәселелерінде жеткілікті білімі болуы қажет.

3.3.2. Ашықтық қағидаты:

ДК мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау процесі ашық рәсімдер арқылы жүзеге асырылуы тиіс. ДК тәсілдері мен қағидаттары тұрақты қайта қарауға жататын кандидаттарды анықтау, бағалау және іріктеудің нақты және жолға қойылған әдістемесін пайдалануы тиіс.

ҚМГ оларды ДК мүшелігіне кандидаттардың талап етілетін құзыреттері туралы хабардар ете отырып және ДК құрамына кандидаттарды ұсынуға, сондай-ақ олардың іскерлік беделі мен кәсібилігі туралы ұсыныс алу үшін жеткілікті, ұсынылған кандидаттар туралы ақпаратқа ҚР заңнамасына сәйкес акционерлердің құқықтарын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, акционерлермен тиімді өзара іс-қимылды қолдайды.

3.3.3. Тұрақты жетілдіру қағидаты

ДК өз қызметінің тиімділігін арттыру үшін (дербес немесе сыртқы сарапшыларды тарта отырып) ДК және оның комитеттерінің жұмысына жыл сайынғы бағалау жүргізеді. ДК жыл сайынғы бағалау оның құрамын, әртүрлілігі мен тиімділігін, сондай-ақ ДК мүшелері мақсатқа жету үшін бірге жұмыс істейтіндігін ескеруі қажет. Жеке бағалау әр директордың тиімді үлес қосуды жалғастыратындығын көрсетуі тиіс.

ДК мүшелеріне тәжірибе мен кәсіби дағдыларды сақтау мен дамытуда көмек көрсету, сондай-ақ олардың өз міндеттерін тиісінше орындауы мақсатында ҚМГ ішкі және/немесе сыртқы ресурстарды тарта отырып,

Лауазымға енгізу және кәсіби дамыту бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етеді.

3.3.4. Әртүрлілік қағидаты

Тағайындаулар да, сабақтастық жоспарлары да лайықты және объективті өлшемшарттарға негізделуі керек және осы тұрғыда гендерлік, әлеуметтік және этникалық шығу тегі, танымдық және жеке күшті жақтарының әртүрлілігіне ықпал етуі тиіс.

4. ДК мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар

4.1. ДК мүшелігіне кандидаттар ДК құзыретіне жататын ақылға салынған шешімдерді қабылдау үшін қажетті талаптарға сәйкес келуі тиіс, оның ішінде:

- 1) ҚМГ қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес келетін салаларда білімі, дағдылары және тәжірибесі болуы;
- 2) мінсіз іскерлік және жеке беделге, жоғары моральдық-этикалық қасиеттерге ие болуы тиіс;
- 3) ДК мүшесі ретінде өз міндеттерін толық орындау үшін жеткілікті уақыты бар.

4.2. ДК құрамына тәуелсіз директорлар кіруі тиіс.

4.3. ДК құрамындағы тәуелсіз директорлардың саны, олардың алуан түрлі кәсіби құзыреттері мен тәжірибесі қаралатын ДК мәселелері бойынша тәуелсіз объективті адал позицияны қалыптастыру және талқылау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті және теңгерімді болуы тиіс.

4.4. Тәуелсіз директорлар статусына үміткер ДК мүшелігіне кандидаттар Саясаттың 4.1-тармағында көрсетілген талаптарға, сондай-ақ тәуелсіздік өлшемшарттарына сәйкес келуге тиіс.

4.5. ҚМГ алдында тұрған стратегиялық міндеттерді тиімді іске асыру үшін Тәуелсіз директорлар ретінде номинацияланған кандидаттар 3 жылдан кем емес мерзімге ДК құрамына кіруге дайын болуы тиіс.

4.6. ДК мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар Жарғыда, КБК-де, ДК туралы ережеде толық қамтылған және Комитет Акционер (акционерлер) ұсынған ДК-ге кандидаттарды бағалау және Саясаттың 5.2-бөліміне сәйкес әлеуетті кандидаттардың тізімін қалыптастыру кезінде пайдаланады.

5. Сабақтастықты қамтамасыз ету рәсімдері

5.1. ДК кадрлық қажеттіліктерін анықтау

5.1.1. ДК-нің кадрлық қажеттіліктері оның қызметін жыл сайынғы бағалау кезінде анықталады. Осы рәсім аясында ДК қызметі тұтастай, оның комитеттері жеке бағаланады.

Бағалауды Комитет ұйымдастырады. ДК өзін-өзі бағалауды жүргізу ДК, ДК комитеттерінің, ДК төрағасы, мүшелері және КХ қызметін бағалау туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Мерзімді түрде, бірақ кемінде 3 жылда бір рет ҚМГ ДК қызметіне тәуелсіз бағалау жүргізуге сыртқы консультантты тартады. Тәуелсіз бағалау жеке де, ҚМГ корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасы құрамында

да жүргізілуі мүмкін. Бағалау туралы ақпарат ҚМГ жылдық есебінде ашылады.

5.1.2. Комитеттің тапсырмасы бойынша КХ бар және талап етілетін білімді, дағдыларды, тәжірибе мен құзыреттерді анықтау мақсатында жыл сайын ДК мүшелеріне сауалнама жүргізеді.

5.1.3. Бағалау және сауалнама нәтижелері негізінде Комитет ҚМГ Даму стратегиясын табысты іске асыру үшін қажетті ДК мүшелерінің қосымша білімдерінің, дағдыларының, тәжірибесінің және құзыреттерінің тізімін айқындайды, оның ішінде:

- 1) ДК және комитеттердің құрамына қойылатын жалпы талаптарды;
- 2) мамандары қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада (талап етілетін құзыреттер) ДК-ні күшейтуді қажет ететін негізгі салалардың тізбесін.

5.2. *ДК сайлау үшін кандидаттардың кадр резервін қалыптастыру*

5.2.1. Комитет ДК-ге кандидаттарға қойылатын талаптарға жауап беретін ДК-ге әлеуетті кандидаттардың тізімін (кадр резервінің тізімін) қалыптастыруды ұйымдастырады. Осы тізімді қалыптастыру мақсатында тәуелсіз консультант тартылуы мүмкін. Кандидаттардың тізіміне кандидаттан және жария көздерден алынған ақпарат негізінде жүргізілген олардың кәсіби біліктілігі мен тәуелсіздігінің мәртебесін бағалау қоса беріледі.

5.2.2. ДК бастамасы бойынша қалыптастырылған Кадр резерві тізімінен кандидатуралар Жарғыда және ҚР заңнамасында көзделген барлық қажетті рәсімдерді сақтай отырып ДК құрамына номиналдау үшін ұсынылуы мүмкін, не Жарғыда және ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен ДК өзі ұсынуы мүмкін.

5.3. *ДК-ге сайлау үшін кандидаттарды ұсыну*

5.3.1. ҚР заңнамасына, ҚМГ Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес Акционер ДК-ге кандидаттарды ұсынуға құқылы.

5.3.2. Комитет КХ жәрдем көрсеткен кезде кандидаттарға олардың:

- 1) Жарғының және ҚР заңнамасының талаптарына;
- 2) тәуелсіздік өлшемшарттарына;
- 3) ДК туралы қолданыстағы ережеде көрсетілген талаптарға;
- 4) кандидаттардың қосымша құзыреттіліктеріне ДК қажеттіліктеріне (кандидаттардың бар білімін, дағдылары мен практикалық тәжірибесін ескере отырып) сәйкестігіне бағалау жүргізеді.

5.3.3. Жарғының, КБК-нің, ДК туралы ереженің ережелеріне қайшы келмеген жағдайда ДК ҚМГ-нің кадр қажеттіліктеріне сай келетін кандидаттарды ДК-ге сайлау үшін кандидатуралар тізіміне дербес енгізуге құқылы.

5.3.4. ДК мүшелігіне сайлану үшін кандидаттар ДК-ге ұсынуға өзінің келісімін жазбаша растауға, өздерінің қысқаша өмірбаяндық деректерін ұсынуға, сондай-ақ ДК мүшесінің міндеттерін орындау кезеңінде оның құпиялылығын қамтамасыз ету туралы талап белгіленген ақпаратты жария етпеу туралы өтінішке мұндай ақпаратқа рұқсаты жоқ адамдарға қол қоюға, сондай-ақ көрсетілген ақпаратты өз мүдделері немесе үшінші тұлғалардың мүдделері үшін пайдаланбауға тиіс. Мұндай кандидаттардың келісімі олардың

ҚМГ мен Акционер (акционерлер) пайдаланатын тәуелсіздік өлшемдеріне сәйкестігі туралы өтінішті қамтуға тиіс.

5.3.5. ДК-ге тәуелсіз директорлар ретінде сайлау үшін кандидаттар ұсынуға келісу туралы ойластырылған шешімді қабылдай отырып, ҚМГ-нің қызметі туралы негізгі ақпаратпен және ҚМГ-нің ашық қолжетімділіктегі нормативтік құжаттамасымен (Жарғыны, КБК-ні, ДК туралы ережені және өзге де құжаттарды қоса алғанда) танысуға, мұнай-газ саласындағы ағымдағы жағдай туралы егжей-тегжейлі түсінікке ие болуға, сондай-ақ ДК қызметіне өзінің әлеуетті үлесін бағалауға тиіс.

5.4. *ҚМГ Акционері (акционерлері) үшін ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру бойынша ұсынымдар дайындау*

5.4.1. ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар адамдарға танысу үшін ұсынылатын материалдардың құрамына ДК-ге сайлауға ұсынылған әрбір кандидат бойынша оның жеке және кәсіби қасиеттері туралы түсінікті қалыптастыру үшін жеткілікті ақпарат енгізіледі.

5.4.2. Мұндай ақпарат кандидатпен келісім бойынша КХ жасалады.

5.4.3. ДК мүшелерін сайлау мәселесі бойынша шешімдер қабылдаудың негізділігі мен тиімділігін арттыру үшін ДК Комитет қорытындысының негізінде Акционерлердің жалпы жиналысында күн тәртібінің осы мәселесі бойынша дауыс беруге қатысты ұсынымдар қалыптастырады және бұл ақпаратты акционерге (акционерлерге) жеткізуді қамтамасыз етеді.

5.5. *ДК мүшелерін сайлау*

5.5.1. ДК мүшелері ҚМГ Жарғысында және ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен сайланады.

5.5.2. Егер кандидатты ДК-ге сайлау үшін кандидатуралар тізіміне енгізгеннен және/немесе акционердің (акционерлердің) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарға қол жеткізуін қамтамасыз еткеннен кейін ҚМГ-де ұсынылған кандидаттың ҚР заңнамасында және ҚМГ-нің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіні және/немесе оны ДК-ге сайлауға кедергі келтіретіні туралы ақпарат келіп түссе, мұндай ақпарат дауыс беру басталғанға дейін жалпы жиналысқа қатысушылардың назарына жеткізілуге тиіс.

5.5.3. ДК-нің жаңа құрамы сайланғаннан кейін ҚР заңнамасында, Жарғыда, КБК-де, ДК туралы ережеде белгіленген тәртіппен ДК мүшелері арасынан төраға сайланады, сондай-ақ ДК комитеттері құрылады және ДК комитеттерінің төрағалары сайланады.

6. Лауазымға кіріспе және даму бағдарламасы

ҚМГ жаңадан сайланған ДК мүшелерінің тез бейімделуіне, сондай-ақ ДК мүшелерінің кәсіби дағдыларын сақтау мен дамытуға жан-жақты көмек көрсетеді. Ол үшін:

6.1. ҚМГ жаңадан сайланған ДК мүшелері үшін Лауазымға енгізу бағдарламасын әзірлейді, оның мазмұны ДК мүшелерімен алдын ала талқыланады және Комитетте қарау нәтижелері бойынша тұрақты негізде актуалдандырылады. Бұл бағдарламаның мақсаты алғаш сайланған ДК мүшелерін ҚМГ қызметімен барынша жылдам әрі тиімді таныстыру, сондай-

ақ ДК мүшелерінің ҚМГ-дегі өз рөлін түсінуін қалыптастыру болып табылады.

6.2. Лауазымға енгізу бағдарламасынан өту кезінде ДК мүшелеріне дейін ҚМГ қызметі туралы, сондай-ақ ҚР заңнамасында, ҚМГ Жарғысында және ішкі құжаттарында белгіленген ДК мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат жеткізіледі.

6.3. ДК мүшелері ҚМГ қызметінің барлық салаларында сарапшылар болып табылмайтындықтан, ҚМГ негізгі міндеттерінің бірі білімді кеңейту және жаңарту, сондай-ақ ДК мүшелерінің құзыреттерін дамыту болып табылады. Осы мақсатта ҚМГ ДК мүшелерінің біліктілігін арттыру, тәжірибе алмасу және ҚМГ қызметінің жеке бағыттары бойынша да, корпоративтік басқару, стратегия және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша да қосымша білім алу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады.

7. Сабақтастық жоспары

7.1. Осы Саясаттың мақсаттарын, қағидаттары мен ережелерін орындау үшін ДК сабақтастық жоспарын бекітеді.

7.2. ДК сабақтастығы жоспары нақты іс-шараларды, мерзімдер мен жауапты тұлғаларды қамтиды.

7.3. ДК сабақтастық жоспары ДК бағалау барысында жыл сайын бағаланады және қажеттілігіне қарай жаңартылады.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Комитет осы Саясаттың оның тиімділігі және қойылған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі тұрғысында бағалауды жыл сайын өткізеді және қажет болған кезде тиісті түзетулер енгізеді.

8.2. Саясатқа енгізілетін кез келген өзгерістер ДК бекітуге жатады.

8.3. Саясат ҚМГ ресми Интернет-ресурсында (веб-сайтында) жарияланады және қажеттілігіне қарай тұрақты жаңартып отырылуы тиіс.